

2024-2025 оқу жылының 1 жартыжылдығы бойынша педагог-психолог жұмысының талдау есебі

Педагог-психолог қызметінің **мақсаты**:-білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған.

Міндеттері:

- 1.Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2.Оқу процесінде баланың психологиялық- педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3.Білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;

Сапалық құрам

Санат	Саны	* белгіленгенін жерге мектеп немесе ТАӘ жазамыз
Барлық мектептер		«Қараменді батыр ЖОББМ» КММ
Мектептерде құрылған психологиялық қызмет (ПҚ) саны	1	*(ПҚ жоқ мектептер)
Педагог-психолог мөлшерлемесі көзделмеген		*(мектеп)
Қажеттілік	0	*(мектеп)
Барлық педагог-психологтар саны	1	Берікбай Ж.Б
Соның ішінде:	1	1
Магистратура	0	
Педагог-модератор	0	
Педагог-сарапшы	0	
Педагог- зерттеуші	0	
Санаты жоқ	1	
Біліктілік арттыру курстары бар	4	

Барлық мөлшерлеме саны		
Қамтылған мөлшерлемелер		
Мөлшерлемелер бойынша бос орындар	0	*(мектеп)
Мектептер бойынша бос орындар	0	*(мектеп)
Педагог-психологтің жеке кабинеті	1	
Кіріктірілген кабинет	0	
Маман емес	0	*(мектеп)

Бағыттар бойынша педагог-психолог қызметінің нәтижесі:

Диагностикалық бағыт

1 және 5 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша есебі.

Мектеп қабырғасына қабылданған 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Оқушылармен төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі:

● Диагностикалық

1. **Мақсаты:** Оқушылардың мектеп өміріне бейімділік деңгейін анықтау, таным процестерін да«Керн-Йерасек» тесті *(Баланың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау)*
2. **«Екі үй», «Үйлер» О.А.Орехова проективті әдістемесі**
3. **Т.Д. Марцинковскаяның «Лесенка»өзін-өзі бағалауы**
4. Танымдық процестерді анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер жиынтығы.
5. Оқушыларды бақылау, сабақтарына қатысу.
6. туындауда.
7. Керн-Йирасек әдістемесі бойынша
8. Қатысқандар-9
9. Қатыспағаны-1

Сынып	Жоғары	Орташа	Төмен
1 «Б»	3	4	2

10.

11. Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау төмендегідей нәтиже көрсетті.

№	Эмоциялық жағдайы	1 «Б»
1	Мұғаліммен тілдесуі	Өте жақсы-2оқушы Жақсы-5оқушы Орташа-2
2	Мектепке келуі	Көңілді-2 оқушы
3	Сабаққа қатысуы	Өте жақсы-0оқушы Жақсы-5оқушы Орташа-4 оқушы
4	Құрдастарымен қарым-қатынасы	Жақсы-9 оқушы

5 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша жұмыстар жүргізілді.

Қолданылған әдістемелер: Психологиялық диагностика кезінде қолданылған әдістемелер:

«Екі үй», «Үйлер» О.А.Орехова проективті әдістемесі

«Оқу мотивациясын анықтау» Лусканов әдістемесі

А.М.Прихожанның 5сынып оқушыларына арналған жеке мазасыздық тесті

Оқу бейімделуін бағалау оқушылардың оқу материалдарын игеру деңгейін зерттейтін сұрақтар, тапсырмалар).

Нәтижелер:

5 «А» сынып

Оқушылардың бейімделу деңгейі бойынша жалпы қорытынды:

Сыныптың бейімделу көрсеткіші: жақсы

Қиындықтар анықталған оқушылар: 0.

5 «Б» сынып

Оқушылардың бейімделу деңгейі бойынша жалпы қорытынды:

Сыныптың бейімделу көрсеткіші: 40% жақсы, орташа- 40%, төмен-20%

4. Бастауыш сыныптармен жұмыс

Қолданылған әдістемелер:

"Әлемде жоқ жануар" әдістемесі – оқушылардың шығармашылық және қиялдау қабілеттерін бағалау.

"Кактус" әдістемесі – оқушының ішкі жан дүниесін және эмоциялық күйін зерттеу.

Нәтижелер: Қатысқан оқушылардың көбі кактус суретінде үлкен және қанық түсті бейнелерді таңдады, бұл олардың өзін-өзі бағалауы мен қоршаған ортаға деген сенімділігінің жоғары екенін көрсетеді. Бірнеше оқушыда тікендер аз және кіші бейнелер бар, бұл олардың ұялшақтығы мен өзін-өзі төмен бағалау деңгейін көрсетеді.

Оқушылардың қиялы мен өзін-өзі көрсету деңгейін сипаттайтын қорытынды жазылады. Мысалы: "Көптеген оқушылар өз жануарларын ашық түстермен және үлкен пішіндермен бейнеледі, бұл олардың өздерін еркін, оптимистік тұрғыда қабылдайтынын білдіреді. Кейбір балалар жануарларын қарапайым пішінде және күңгірт түстермен салды, бұл олардың сабырлы, кейде тұйық мінезін көрсетеді.

5. Жоғары сынып оқушыларымен жұмыс

Қолданылған әдістемелер:

1.Филлипстің «Мектеп мазасыздығы» тесті – оқушылардың мектептегі эмоционалдық жай-күйін анықтау.

2.Спилбергердің жеке және ситуациялық алаңдаушылықты анықтау әдістемесі 5-10 сынып оқушыларынан алынды.

3. Темперамент түрін анықтау Т.Маталина бейімделген тесті 5-8 сынып оқушыларынан алынды.

4. Жеткіншектің сыныппен қарым-қатынасын бағалау әдістемесі Дж Моренаның социаметрасы 5-8 сыныптар алынды.

Түзету-дамыту қызметі

1. Бірінші сынып оқушыларымен мектеп өміріне бейімделуіне «Кел танысайық» тренингі өткізілді.



2.Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан жоғары буынға өту кезіндегі бейімделуіне психологиялық сабақ «Бірінші рет 5 сыныпқа» тренингі және «Реніштен арылу» тренингі өткізілді.



3.ЕББҚ оқушыларына «Булингтен қорған» тақырыбында тренинг өткізілді.




4. « Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында тренинг 9 сынып оқушыларына өткізілді.

Тренинг мақсаты; аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу



Буллингтен сақтандыру тренингтері ұйымдастырылды.

Оқушыларды өзара құрметке және қолдау көрсетуге тәрбиелеу мақсатында түрлі ойындар мен тапсырмалар берілді.



Нәтижелер: Бастауыш сынып оқушыларына «буллингке жол жоқ» тақырыбында видеоролик көрсетілді. 5-6 сынып оқушыларына тренинг өткізілді. Жоғары сынып оқушылармен буллинг тақырыбында әңгіме жүргізілді.

3. Тренингтер

Мақсат: Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, топтық жұмысқа бейімдеу.

Қатысқандар: 6 «Б» сынып

Өткізілген тренингтер: өзін-өзі дамытуға бағытталған жаттығулар, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту.



Мұғалімдермен тренинг

Оқу жылының басында мұғалімдермен «Мұғалім-мектептің жүрегі» тақырыбында тренинг өткізілді.



Желтоқсан айында «Психология -ғажайып әлем» атты жоспарға сай апталық өткізілді. Жоспарға сәйкес 5-11 сыныптар арасында «Қарым-қатынас күні» түзету дамыту сабақтары жүргізілді. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай буллинг, кибербуллинг, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында тренингтер өткізіліп, бір-бірімен жылы қарым-қатынас орнатылды. Тілектер күніне орай оқушылар «Көңілді үзілістегі жақсы тілек» айдарын ұйымдастырды. Мектебіміздің жас мамандарымен тренинг сабағы өткізілді. Атқарылған жұмыстардың барлығы мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланды.





Эмоционалды күйзелістің алдын алу бойынша мұғалімдерге арналған тренингтер өткізілді. Тренинг мақсаты: мұғалімдерді эмоционалды күйіп қалу түсінігімен таныстыру, реттеу дағдыларын, психоэмоционалды күйлерді дамыту, педагогикалық іс-әрекетте эмоционалдық күйзелістің алдын алу.



Кеңес беру бағыты (санаттар бойынша жүргізілген барлық кеңес беру жұмыстарын көрсетіңіз)

- 1.1-5 сыныпқа жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша сынып жетекшілерге кеңес берілді,сұраныс пән мұғалімі, ата-ана негізінде жеке және топтық кеңес берілді.
- 2.Буллинг болған жағдайда оның шешу жолдары бойынша кеңестер беріліп түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
3. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері, ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу
4. Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізу, «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;
5. Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру

Ағартушылық жұмыс

1. «Балалар үшін бірігейік» 5-11 сынып жетекшілері үшін ақпараттандыру жұмысы жүргізілді.
2. «5 сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» ата-аналарға баяндама және ұсыным оқылды.
3. Қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізілді.
4. Пән мұғалімдері және сынып жетекшілермен «Аутодеструктивті балаларды қалай байқаймыз және олармен жұмыс жасау» тақырыбында кеңес беріліп,баяндама оқылды.
5. «Stop bullying: Бәрі сенің қолыңда! Тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.
6. Жаман әдетке жол жоқ тақырыбында әңгіме жүргізілді.

Қорытынды: Осы аталған жұмыстардың барлығы жосарға сәйкес атқарылып отыр.

Жылдар	«Үздік психолог» байқауы	«Үздік психолог кабинеті» байқауы	Жарияланымдар	Баяндамалар (аудан, облыс, республика)	Авторлық жобалар	Байқау, конференция, вебинар мен семинарларға қатысу	Ескертпе
	ТАӘ	ТАӘ	ТАӘ	Берікбай Жансая Берікбайқызы	ТАӘ	Берікбай Жансая Берікбайқызы	ТАӘ
2022-2023	Жұмыс істемеді	0		Жұмыс істемеген	Жұмыс істемеген	Жұмыс істемеген	Жұмыс істеген
2023-2024		0		«Кәсіби даму мектебі» облыстық семинар сертификат қатысқан үшін.		Дарынды балаға таланты ұстаз «Жас психолог» аудандық байқауы- 1 орын , Дарынды балаға таланты ұстаз жас мамандар байқауы «Жас психолог» облыстық байқауы- 3 орын .	
2024-2025 (1 жартыжылдық)							

